


АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕКПЕН ҚОШТАСУ



АРДАҚТЫМЫЗ, АСЫЛЫМЫЗ БОЛАТЫН

1986 жылы Ақселеу екеуміз

Испанияға бірге барған
едік. Ұзын бойлы, сопайған, ақсары, ойлы
көзді, тілінен майы тамып тұрған шешен де
білімді жігіт ағасы еді. Насыбай атады екен.
Насыбай шақшасын Құнанбайдан қалған
деп жүрді. Алғашқыда ерсі көрінгенімен,
кейіннен көзіміз үйреніп кетті. Сол жылы:

Басында жігіттердің қыжым бөрік;
Жастар жүр Испанияға ізіме еріп,
Апыр-ай, Ақселеудің есі шықты-ау,
Испанның қара торы қызын көріп, - деп
жазған екенмін күнделігіме.

2000 жылы Еуразия ұлттық универ-
ситетіне келгендегі қабылдаған алғаш кісім
осы Ақселеу еді. Содан арамыз екі елі
ажыраған жоқ. Сәл көрмесек, сағынысатын
едік.

Ақселеуден айырыламыз-ау, оның бүгін
қырқына жиналамыз-ау деген кімнің ойын-
да бар еді... содан бері Ақселеу күндіз де,
түнде де есімнен шыққан жоқ.

Кеше түнде Ақселеу ойыма түсіп, ақ
қағазға мына бір жолдарды түсіріппін:

Құдірет-ай! Сен де, енді, тасқа
айналдың-ау, Ақселеу,

Сорғалаған көзімнен жасқа айналдың-
ау, Ақселеу.

Жүруші едің елінде алшаң басып,

дәурен-ай,

Бұл дүниені тәрк етіп, босқа айналдың,
Ақселеу!

Сен кеткелі көзден жас тиылмады,
Ақселеу,

Көңіл алаң, есіміз жиылмады, Ақселеу.
Ақылдасып жүруші ек өзіңмен,
шырағым,

Жиынның да қысыны қиындады,
Ақселеу!

Тұнығы едің ақылдың қауымдағы,
Ақселеу,

Сен кеткелі ой тұман, ауырлады,
Ақселеу.

Ақша бұлттар аққудай жүзуші еді,
шырағым,

Қорғасындай олар да бауырлады,
Ақселеу!

Бойқозыдай батырдың көзі едің-ау,
Ақселеу,

Бабалардың жүйелі сөзі едің-ау,
Ақселеу.

Тал бойына жинаған қасиетін қазақтың
Әулиенің сен де бірі едің-ау, Ақселеу!

Өзгелерден келбетің бөлек еді, Ақселеу,
Туа біткен болмысың ерек еді, Ақселеу.

Не шара бар тағдырдың жазғанына,
дүние-ай,

Халқың үшін өлмеуің керек еді, Ақселеу!



Тұла бойың тұнған бір ақыл едің,
Ақселеу,

Бәрімізден салмағың басым едің,
Ақселеу.

Кім көнбейді Алланың салғанына,
қарағым,

Жақыннан да жаныма жақын едің,
Ақселеу!

Соқыр тұман басқандай айналаны,
Ақселеу,

Тыраулаған тырналар айналады,
Ақселеу.

Мекенінде мәңгілік тыныш ұйықта,
шырағым,

Бәлкім бұл жұмаққа айналады, Ақселеу!

Иә, қадірлі ағайын, Ақселеудің ақ жүзін
қара жердің жапқанына да қырық күн бо-
лып қалыпты. Ол өзімен бірге бір дәуірде,
бір ғасырды, бір әлемді алып кеткендей
болды.

Сонау шалғайда, далада туып, жастайы-
нан жетім қалып, білім алып, кемеліне
жетіп, бүкіл елін танып, елдің Ақселеуіне
айналды. Жұрт ардақтап Аха деуші еді.
Байғозы бабасының ауызынан түскендей,
сом денелі, батыр тұлғалы болатын. Жа-
ратылысы, пішімі мол еді. Туған жердің
төрінде алшаң басып жүруші еді. Ақселеу
кеткелі ортамыз ойсырап қалды. Ақылман
еді. Шешен де еді, көсем де еді, Ақселеу.
Сөйлесе сөзді түбінен тартушы еді, айтса
жұрттың көкейіндегісін табушы еді! Өмір
бойы тірнектеп жинаған қазақ шежіресі ту-
ралы кітабын аяқтағанда: «саусағым жау-
ыр болды, қағазға да беттемей қалыппын

Дегені де есте. Иә, Ақселеу саусағы
жауыр болатындай, қағазға да, қаламға да
беттей алмайтындай қыруар еңбек бітірді.

Ақселеу қайтқанда елдің бәрі жапа-
тармағай шулап жазды, жылады, етегі
жасқа толды. Сол құрметті Ақселеуге

көзінің тірісінде жасай алдық па, алмадық
па-кім білсін.

Неге екені белгісіз, біз асылдары-
мызды кезі тірісінде қадірлей бермейтін
елміз. Қазақ Махамбеттің де, Абайдың да,
Мұқағалидың да қадіріне жеткен жоқ.

Кәрісі кімнің жоқ болса,

Жасы болар дуана.

Бір сынаған жаманды

Екіншілей сынама.

Тіріде сыйласпаған ағайын,

Құм құйылсын көзіңе,

Өлгенде бекер жылама, - деп Махамбет
сондықтан да айтқан болуы керек.

Ақселеу тарих, этнография, журнали-
стика іліміне, өнертануға өлшеусіз үлес
қосып кетті. Ешқашан ескірмейтін, тозбай-
тын, ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін
«Қазақ әлемі», «Күй өнері», «Қазақтың
ауызша тарихы» секілді ғажап құнды
мұралар, «Дәурен-ай», «Сарыарқа» тәрізді
ғажайып әндер қалдырып кетті. Ол тұтас
қазақ тарихын жазып кетті.

Қабырғалы халқымыз бар, көк байрақты
тәуелсіз еліміз бар, еңселі Елордамыз
бар, айырбаны Ақордамыз бар. Қазақ
халқы Ақселеудей перзентін ешқашан
ұмытпайды. Ұмыту да мүмкін емес. Ол
ғасырдан-ғасырға, дәуірден-дәуірге бірге,
туған халқының жүрегінде көше беретін
болады. Мұралары ел-жұртына, ұрпағына
қалтқысыз қызмет жасай беретін болады.

«Рамазан айында дүниеден өткен
адамның артынан жыламаңдар, оларға
жұмақтың қақпасы ашылады» деген сөз
бар екен Пайғамбарымыздың хадисінде.
Лайым солай болсын.

Алдыңнан жарылқасын, Ақселеу. Алдың
- пейіш, артың кеніш болсын. Жатқан жерің
жайлы болсын. Қара ормандай қабырғалы
ел-жұртың аман болсын.

*Қабырғалы халқымыз
бар, көк байрақты
тәуелсіз еліміз бар,
еңселі Елордамыз бар,
айырбаны Ақордамыз
бар. Қазақ халқы
Ақселеудей перзентін
ешқашан ұмытпайды.
Ұмыту да мүмкін
емес. Ол ғасырдан-
ғасырға, дәуірден-
дәуірге бірге, туған
халқының жүрегінде
көше беретін бола-
ды. Мұралары ел-
жұртына, ұрпағына
қалтқысыз қызмет
жасай беретін
болады.*

РЕЗЮМЕ

Автор в данной статье пишет о невозможной утрате казахского народа - о кончине талантливого ученого А. Сейдимбека.

SUMMARY

The author of the given article dedicated to the great Kazakh writer A. Seidimbek.